



Жамбыл нотариаттық
округы нотариустарына

Құрметті әріптестер!

Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2022 ж.
21 желтоқсандағы № 3-3-8/2810-а жеке және заңды тұлғаларға цифрлық
құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және берілетін жеке басты
куәландыратын құжаттардың қағаз жеткізгіштегі құжаттармен мәні бірдей
жөніндегі түсіндіру хаты Сіздерге қолдану үшін жөнелтіледі.

Қосымша: 2 бетте.

Жамбыл облыстық
нотариаттық палатасының
төрайымы

Ж.Альжанова
543555

Сыргабаева Л.К.

Мемлекеттік мекемелерге
(қосымшадагы тізім бойынша)

ҚР Әділет министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті РММ
Шығыс № 5-58/4409
20 2022 ж. 01 12
Жамбыл облы., Тараз к., Төбе 61-дауыл, 57

АҚ «Қазақстан темір жолы»
Жамбыл облысы бойынша филиалына

ЖШС «Казфосфат»

Торғай мур мәбдүлхан 125
Жамбыл облыстық
нотариаттық палатасына

«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттіккорпорациясы
коммерциялық емес
АҚ Жамбыл облысы бойынша
филиалына


АҚ «Бірінғай жинақтаушы
зейнетақы қоры»
Жамбыл облысы бойынша
филиалына

Жамбыл облысы Әділет департаменті 2011 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне (әрі-қарай Кодекс), «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 14.07.2022 ж. №141-VII Қазақстан Республикасының Заңымен өзгерістерді енгізілгенін хабарлайды.

Атап айтқанда, осы Кодексінің 178 бабына келесі өзгерістер енгізілген: Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы бастапқы, қайталама күеліктер мен анықтамалар беру:

1. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы күеліктер мен анықтамалар өздеріне қатысты акт жазбасы жасалған адамдарға электрондық нысанда немесе олардың қалауы бойынша қағаз жеткізгіште азаматтық хал актілері мемлекеттік тіркелгеннен кейін беріледі.

Электрондық нысанда берілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы күелік, анықтама құжатты берген тіркеуши орган бастығының электрондық-цифрлық қолтаңбасы арқылы күйлендірылады.



Қағаз жеткізгіште берілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік, анықтама құжатты берген тіркеуші орган бастығының қолтаңбасымен, тіркеуші органның елтаңбалы мөрімен бекемделеді.

Казіргі жаңа инновация заманында, халық үялды телефон арқылы түрлі санды жүктемелерді пайдалануды таңдайды, мысалы: барлық қажетті құжаттарды «kaspi» жүктемесі арқылы баланың туын тіркеу, цифрлық құжаттарды алу, көлікті тіркеу, балаға жәрдемақы алу, жеке кәсіпкерді тіркеу, айыппұл төлеу сияқты т.б. қызметтерді ала алады.

Сондай-ақ, туу, неке қилю туралы қуәліктерді электронды (цифрлық құжаттар) түрде пайдалана алады.

«Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының 29.01.2013 ж. №73-V Заңының 6 бабының, 4 тармағына сәйкес, жеке және занды тұлғаларға цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және берілетін жеке басты қуәландыратын құжаттардың қағаз жеткізгіштегі құжаттармен мәні бірдей (жеке басын қуәландыратын құжаттар болып: Қазақстан Республикасы азаматтың паспорты, Қазақстан Республикасы азаматтың жеке қуәлігі, шетелдік Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат, азаматтығы және адамның қуәлігі, Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты, Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты, босқын қуәлігі, Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке қуәлігі, шетелдік паспорт, қайтып оралуға арналған қуәлік, туу тұралы қуәлік, жисол журу құжаты жеке басты қуәландыратын құжаттар болып табылады).

Алайда, көзіргі таңда, кейбір мекемелер азаматтардан туу туралы анықтамаларды ұсынған кезде, елтаңбалы бланкіде толтырылған туу туралы қуәліктерді талап етіп жатқаны анықталған.

Осыған байланысты, өз тарапыныздан заңнамадағы өзгерістерді, өзініз басшылық етіп отырған мекеме қызметкерлердің назарына жеткізуінізді, сондай-ақ, жұмыс бабымен, азаматтардан құжаттарды талап ету кезінде, электронды құжаттардың қағаз жеткізгіштегі құжаттармен мәні бірдей екенін ескергендерінізді сұраймыз.

Жамбыл облысының
Әділет департаменті
басшысының орынбасары

Ш. Айнакұлов

Орында.А.Уркунчиева
Унс.433819